

"Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын жекешелендірудің жеке тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 ақпан N 186. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.05.14. N 601 қаулысымен. ~P960601

Инвестициялардың құйылуын және "Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі" ашық үлгідегі акционерлік қоғамының /бұдан әрі - бірлестік/ тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ірі көлемде инвестицияларды тартуға орай оның кен базасын қолдау және болашақта дамыту қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оның жай атаулы акцияларының 49 проценті мөлшерінде ірі пакетін белгілеген инвестор - "Айведон Интернешнл Лтд" басқарушы фирмасына келісілген шарттарымен 3,185 млрд. /үш миллиард жүз сексен бес миллион/ теңге сомасына сату ескеріліп, бірлестікті жекешелендірудің жеке тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар белгіленсін:

аталған соманың 1592,5 млн. теңге мөлшерінде 50 проценті Қазақстан Республикасының /40 проценті - 1274,0 млн. теңге/ және Қостанай облысының / 10 проценті - 318,5 млн. теңге/ бюджеттеріне аударылуға жатады;

басқарушы фирмаға бірлестіктің акцияларының 49 процентін /1592,5 млн. теңге/ басқарушы фирмаға сатудан алынған қаржының қалған бөлігі даму бағдарламаларын және жаңа технологияларды, техникалық қайта жарактауды, қызметкерлердің әлеуметтік мәселелерін шешу және өзге де ағымдағы қажеттерді қамтамасыз етуге қайтарымсыз мақсатты қаржыландыру ретінде бірлестіктің шотына аударылуға жатады;

басқарушы фирма бірлестіктің сатып алынатын акцияларын Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен тиісті шартқа қол қойылған датадан бастап 90 күн ішінде толық төлеуі тиіс.

3. Оны жарғы қорының 1,5 проценті мөлшерінде бірлестіктің жай атаулы акциялары қор биржасы арқылы сатылсын.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті акциялар пакетін сатудан бірлестік алған қаржының бүкіл сомасы, осы қаулыға сәйкес, бірлестіктің салық салынатын базасынан алынып тасталуы тиіс.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оның салық салынатын базасынан алынған сомадан басқа, мемлекеттік акциялар пакетін сатудан оған түскен қаржы, бірлестіктің бухгалтерлік есептерінде дұрыс көрсетілуін

қарастыратын нұсқамалық құжаттар шығарсын.

6. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі оның акцияларын сатудан түскен қаржының түсіміне және олардың мақсатты пайдаланылуына бірлестіктің есеп беруіне бақылауды жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бірлестіктің акцияларын шетелдік валютаға сату-сатып алу мәмілелерін мұндай тіркеу жасаған сәттен бастап күшіне енетін акцияларды сату-сатып алудың тиісті шартының куәландырылған данасы, оған берілген датадан бастап,

бес жұмыс күні ішінде тіркеу ұсынылсын.

8. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулыны жүзеге асыруға бағытталған шаралар кешенін, оған қол қойылған күннен бастап, он күн мерзімде жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі